



## ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

---

### КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2026 жылғы 2 наурыз

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы  
Үлкен алқасы:

төрағалық етуші судья А.А. Дронов,  
баяндаушы судья А.А. Забара,  
судьялар Э.В. Айриян, Д.П. Александров, К.К. Джунушпаев,  
Е.Ж. Исмаилов, М.Т. Кайыпов, А.Б. Кишкембаев, Н.В. Павлова,  
А.Г. Тунян,

сот отырысының хатшысы М.А. Наумчиктің қатысуымен,  
Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46-47, 68-69,  
98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72,  
85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Қырғыз Республикасының Әділет министрлігі жанындағы Сот  
өкілдігі орталығы тұлғасында Қырғыз Республикасының өтініші бойынша  
2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы  
шарттың ережелерін түсіндіру туралы Консультативтік қорытынды  
ұсынады.

#### **I. Өтініш берушінің сұрақтары және түсініктеме беру мәні**

1. Қырғыз Республикасының Әділет министрлігі жанындағы Сот  
өкілдігі орталығы тұлғасында Қырғыз Республикасы 2014 жылғы  
29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі  
– Шарт) жұмысқа орналасу мемлекетінде Еуразиялық экономикалық  
одаққа (бұдан әрі – Одақ, ЕАЭО) мүше мемлекет еңбекшісінің отбасы  
мүшелеріне қатысты міндетті медициналық сақтандыруға және  
медициналық жәрдемге қатысты ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен  
Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) жүгінді.

2. Өтініш беруші Шарттың оларға сәйкес мүше мемлекеттердің  
еңбекшілерін және отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыру  
(әлеуметтік сақтандыру) (зейнетақыдан басқа) жұмысқа орналасу  
мемлекетінің азаматтары сияқты шарттарда және тәртіппен жүзеге  
асырылатын 98-бабы 3-тармағының ережелері оның ішінде еңбекшілердің

отбасы мүшелерінің де міндетті медициналық сақтандыруға қол жеткізу мүмкіндігін көздейтінін атап көрсетеді. Өтініш берушінің пікірінше, бұл «әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік сақтандыру)» ұғымын ашып көрсететін Шарттың 98-бабы 3-тармағының және 96-бабы 5-тармағының ережелерін өзара байланысты оқудан туындайды.

Өтініш беруші сонымен бірге Шарттың 98-бабы 3-тармағының ережелерінің және осы тармақта көзделген еңбекшілер мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарының жалпы кепілдіктері бөлігінің қисынды жалғасы мүше мемлекеттер еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелерінің жедел медициналық көмек (шұғыл және кезек күттірмейтін нысандағы) және өзге де медициналық көмек алу құқығы Шартқа № 30 қосымшамен (Мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелеріне медициналық көмек көрсету туралы хаттама; бұдан әрі – Медициналық көмек туралы хаттама), сондай-ақ жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасымен және өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттармен реттелетінін белгілейтін Шарттың 98-бабы 4-тармағының ережелері болып табылады деп пайымдайды.

Медициналық көмек туралы хаттаманың 3-тармағына сәйкес жұмысқа орналасу мемлекеті мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне және олардың отбасы мүшелеріне жұмысқа орналасу мемлекеті заңнамасында және халықаралық шарттарда айқындалған тәртіппен және жағдайларда медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді. Өтініш берушінің пікірі бойынша, аталған тармақта Шарттың ережелеріне, атап айтқанда жоғарыда аталған 98-баптың 3-тармағының ережелеріне сілтемелік нормалар бекітілген.

Медициналық көмек туралы хаттаманың 5-тармағына қатысты өтініште міндетті медициналық сақтандыру жүйесі еңбекшінің отбасы мүшелеріне көрсетілген медициналық қызметтердің құнын төлеу мүмкін болатын қаражат көздеріне жатқызылуы мүмкін екендігі атап көрсетіледі.

3. Шарттың және Медициналық көмек туралы хаттаманың ережелерін түсіндірудегі әртүрлі тәсілдемелерді көрсете отырып, өтініш беруші мынадай сұрақтар бойынша Консультативтік қорытынды шығару туралы сұрайды:

- Шарттың 98-бабының 3-тармағын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер еңбекшілердің отбасы мүшелерінің міндетті медициналық сақтандыруға қолжетімділігін өз азаматтарымен теңдей мөлшерде қамтамасыз етеді деп түсіну дұрыс па?

- Мүше мемлекеттердің ұлттық шаңнамасы шеңберінде Шарттың 98-бабының 4-тармағы және Медициналық көмек туралы хаттама негізінде медициналық көмек ұсыну кезінде Шарттың еңбекшілердің отбасы мүшелеріне міндетті медициналық сақтандыруға қолжетімділікті ұсыну туралы 98-бабының 3-тармағының ережелері ескерілуі тиіс пе?

4. Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (Шартқа № 2 қосымша; бұдан әрі – Статут) 46-тармағына сәйкес Сот Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдарының шешімдерінің ережелеріне түсініктеме беруді жүзеге асырады.

Соттың түсініктеме беруді жүзеге асыруы Консультативтік қорытынды беруін білдіреді және мүше мемлекеттерді халықаралық шарттарды бірлесіп түсіндіру құқығынан айырмайды (Статуттың 47-тармағы).

Соттың қалыптасқан тәжірибесін ескере отырып, Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілердің ережелеріне түсініктеме беру Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдары шешімдерінің нақты ережелерінің мазмұнын ашып көрсетуде жне мағынасын анықтауда болып табылады (2025 жылғы 14 сәуірдегі № Р-7/24 іс бойынша Консультативтік қорытындының 4-тармағы, 2025 жылғы 25 сәуірдегі № Р-2/25 іс бойынша Консультативтік қорытындының 3-тармағы).

Келіп түскен өтініштің мазмұнын, өтініш берушінің сұрақтарының логикасы мен өзара байланысын назарға ала отырып, осы іс бойынша Шарттың 98-бабы 3-тармағының бірінші абзацының, Шарттың 98-бабы 4-тармағының, сондай-ақ Медициналық көмек туралы хаттаманың ережелері түсініктеме беруге жатады.

5. Сот жалпы қағида бойынша түсініктеме беру туралы істер бойынша сотта іс жүргізуді жүзеге асыра отырып, құқық қолдану туралы нақты дауларды шешпей (сотта іс жүргізудің осы түрінде бұған объективті түрде жол берілмейді) және Одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына түсініктеме беруге қатыспай, Одақтың құқық нормаларын *in abstracto* түсіндіреді.

Шартты, Одақ шеңберінде халықаралық шарттарды және Одақ органдарының шешімдерін іске асыру мәселелері бойынша туындайтын дауларды қарау бойынша Соттың құзыреті Статуттың 39-тармағының ережелерімен айқындалады. Демек, қатысушылардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындауын бағалау осы түсініктеме беру мәніне кірмейді.

## **II. Соттағы рәсім**

6. Статуттың 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламенті (бұдан әрі – Регламент) айқындайды.

7. Регламенттің 75-бабы тәртібінде істі қарауға дайындық шеңберінде өтініш берушінің қойған сұрақтары бойынша қосымша

мәліметтер және міндетті медициналық сақтандыру және медициналық көмек көрсету мәселелері құзыретіне кіретін мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының пікірлері, сондай-ақ Одақтың тұрақты жқмыс істейтін реттеуші органы ретінде Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) ұстанымы сұратылды.

Армения Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және әлеуметтік мәселелер министрлігі, Беларусь Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қырғыз Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек, әлеуметтік қамсыздандыру және көші-қон министрлігі, Ресей Федерациясының Бас прокуратурасы, Еуразиялық экономикалық комиссия тиісті ақпаратты Сотқа ұсынды.

### **III. Соттың қорытындылары**

8. Соттың Үлкен алқасы, оның ішінде түсініктеме беру туралы істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру кезінде Статуттың 50-тармағын басшылыққа ала отырып, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын, Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және Одақ органдарының шешімдері мен өкімдерін, құқықтық норма ретінде танылған жалпыға ортақ практиканың дәлелі ретінде халықаралық дәстүрді қолданады.

1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының (бұдан әрі – Вена конвенциясы, Конвенция) «Түсіндірудің жалпы қағидасы» 31-бабына сәйкес халықаралық шарт шарттың терминдеріне олардың контекстінде, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттарын ескере отырып берілуі қажет әдеттегі мәніне сәйкес адал түсіндірілуі тиіс.

5-бапқа сәйкес аталған Конвенция халықаралық ұйымның құрылтайшы актісі болып табылатын кез келген шартқа және халықаралық ұйым шеңберінде қабылданған кез келген шартқа осы ұйымның тиісті ережелеріне нұқсан келтірмей қолданылады.

9. Мемлекеттер 2014 жылғы 29 мамырдағы шартпен Еуразиялық экономикалық одақты – халықаралық құқық субъектілігіне ие, өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымын құрды. Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы, Шартпен және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етіледі (Шарттың 1-бабы).

Шарт Одақтың құзыретін, мақсатын, жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарын (Шарттың 3–5-баптары) айқындайды және Шарт пен Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар арасында қайшылықтар туындаған жағдайда басым болады. Одақ органдарының шешімдері мен өкімдері Шартқа қайшы келмеуге тиіс. Бұған қоса, Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттары Одақтың негізгі мақсаттарына, қағидаттарына және жұмыс істеу қағидаларына қайшы келмеуге тиіс (Шарттың 6-бабының 2 және 3-тармақтары).

Шарт мүше мемлекеттердің оның мақсаттары мен қағидаттарына қайшы келмейтін халықаралық шарттарды жасасуына кедергі келтірмейді. Мүше мемлекеттер арасындағы Шарттың немесе Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелерімен салыстырғанда интеграцияның неғұрлым терең деңгейін көздейтін немесе олардың жеке және (немесе) заңды тұлғаларының пайдасына қосымша артықшылықтар беретін екіжақты халықаралық шарлар оларды жасасқан мемлекеттер арасындағы қатынастарда қолданылады және олар мен басқа мүше мемлекеттердің Шарт және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін орындауын қозғамайтын жағдайда жасалуы мүмкін (Шарттың 114-бабы).

Жоғарыда айтылғандар негізінде Шарт (оның ішінде оның мақсаттары мен қағидаттары) Одақ шеңберінде мүше мемлекеттердің өзге халықаралық міндеттемелерінің мазмұны мен көлемін шарттастыра отырып, ЕАЭО құқығы жүйесінің қалыптастырушы элементі болып табылады.

10. Шарттың 3-бабының бірінші бөлігіне сәйкес халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарын құрметтеу Одақтың қызметті жүзеге асыру негізі болып табылады. Халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарына, оның ішінде, мемлекеттердің егемендік теңдегі қағидаты, адам құқықтарын жалпыға бірдей құрметтеу қағидаты, халықаралық міндеттемелерді адал орындау қағидаты жатады.

Одақты құратын және мемлекетаралық экономикалық интеграцияның салалық негіздерін айқындайтын Шартты жасасу кезінде оның қатысушылары мемлекеттердің егемендік теңдігі қағидатын, адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының үстемдігі қағидатын сөзсіз сақтау қажеттігін басшылыққа алды, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарын, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған басқа да қағидаттары мен нормаларына өздерінің шынайы берілгендігін растады (Шарттың кіріспесінің үшінші және оныншы абзацтары).

11. Одақтың құқықтық жүйесінде халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттар толықтырылады және Одақтың жұмыс істеуінің басқа қағидаттарымен – атап айтқанда, Тараптардың өзара тиімді

ынтымақтастығы, тең құқылығы және ұлттық мүдделерінің ескерілуі қағидатымен өзара әрекеттеседі.

Бұл ретте Шарттың 3-бабында белгіленген оған сәйкес мүше мемлекеттер Одақтың өз функцияларын орындауы үшін қолайлы жағдай жасайтын және Одақ мақсаттарына қол жеткізуге қауіп төндіре алатын шаралардан қалыс қалатын қағидат мемлекетті осы мемлекетаралық бірігу мақсатына қол жеткізуге тікелей бағыттайды.

12. Шарттың 4-бабын ескере отырып, Одақтың негізгі мақсаттарына тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың, сондай-ақ еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыру жатқызылады, бұл оны бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде құру мақсаттарында құрылған өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы ретінде Одақтың мәніне толық сәйкес келеді.

Шарттың құрылымына сәйкес, XXVI «Еңбек көші-қоны» бөлімі (96–98-баптар) экономикалық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған «Бірыңғай экономикалық кеңістік» шартының үшінші бөлігінің құрамдас элементі болып табылады.

Шарттың нормаларын жүйелі түсіндіруді негізге ала отырып, Соттың Үлкен алқасы жұмыс күшінің еркін қозғалысы Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеу элементтерінің бірі болып табылатынын атап өтеді.

Одақ шеңберінде экономикалық интеграция, бірыңғай нарықты қалыптастыру Одақта еңбек көші-қоны үшін қолайлы жағдайлар, оның ішінде еңбекшілер мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік құқықтарына кепілдіктер жасау арқылы да қамтамасыз етіледі.

13. Шарттың 96-бабы еңбек көші-қоны саласында мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы тәртібі мен нысанын реттейді, сондай-ақ Шарттың XXVI «Еңбек көші-қоны» бөлімінде пайдаланылатын ұғымдардың мазмұнын ашып көрсетеді.

Шарттың XXVI бөлімінің контекстінде «мүше мемлекеттің еңбекшісі» деп мүше мемлекеттің азаматы болып табылатын, өзі азаматы болып табылмайтын және тұрақты тұрмайтын жұмысқа орналасу мемлекетінің аумағында заңды түрде жүрген және заңды негізде еңбек қызметін жүзеге асыратын адам түсіндіріледі. Бұл ретте «еңбек қызметі» деп жұмысқа орналасу мемлекетінің аумағында осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын, еңбек шартының негізінде қызмет немесе азаматтық-құқықтық шарт негізінде жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) жөніндегі қызмет (Шарттың 96-бабы 5-тармағының оныншы және он бірінші абзацтары) түсіндіріледі.

Шарттың 96-бабы 5-тармағының он екінші абзацына сәйкес еңбекшінің «отбасы мүшелеріне»: мүше мемлекеттің еңбекшісімен некеде тұратын адам, сондай-ақ оның асырауындағы балалары мен жұмысқа

орналасу мемлекетінің заңнамасына сәйкес отбасының мүшелері деп танылатын басқа да адамдар жатқызылады.

Шарттың 97-бабының ұйғарымына сәйкес мүше мемлекет еңбекшісінің еңбек қызметі Шарттың ережелері ескеріле отырып, жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасымен реттеледі (4-тармақтың бірінші абзацы). Осындай адамдарды еңбек қызметіне тарту ұлттық еңбек нарығын қорғау жөніндегі шектеулерді ескермей мүмкін болады және олардың жұмысқа орналасу мемлекетінде оны жүзеге асыруға рұқсат алуы талап етілмейді (1-тармақ). Ұлттық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында Шартта және мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулерді қоспағанда, мүше мемлекеттер ұлттық еңбек нарығын қорғау мақсатында, мүше мемлекеттердің еңбекшілері жүзеге асыратын еңбек қызметіне, олар айналысатын жұмыс түріне және болу аумағына қатысты шектеулерді белгілемейді және өздерінің заңнамасында белгіленген шектеулерді қолданбайды (2-тармақ).

Мүше мемлекет еңбекшісінің және оның отбасы мүшелерінің жұмысқа орналасу мемлекетінің аумағында уақытша болу (тұру) мерзімі еңбекшінің жасасқан еңбек немесе азаматтық-құқықтық шартының қолданылу мерзімімен шарттастырылады (Шарттың 97-бабының 5-тармағы).

Келтірілген нормалардың өзара байланысты оқылуы еңбек көші-қоны қатынастарына қатысты еңбекші мен оның отбасы мүшелерінің құқықтық жағдайын Шарттың осы адамдардың болуы және мүше мемлекет еңбекшілерінің жұмысқа орналасу мемлекетінің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыруы заңдылығымен байланыстыратыны туралы куәландырады.

14. Мүше мемлекеттер еңбекшілерінің өздері азаматтары болып табылмайтын мүше мемлекеттерде еңбек қызметіне құқығын іске асыру мақсатында Шарттың 98-бабында осындай еңбекшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мүше мемлекеттер еңбекшілерін тиімді тартуға және Одақ шеңберінде еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға жәрдемдесу үшін қажетті бірқатар құқықтары мен міндеттері бекітілген. Бұл ретте Шарт оларды жекелеген санаттарға бөліп және Шарттың 98-бабының әртүрлі тармақтарында бекіте отырып, әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік сақтандыру) мен медициналық көмек алу құқығының аражігін ажыратады.

15. Осы іс бойынша түсініктеме беру сұратылған Шарттың 98-бабы 3-тармағының бірінші абзацына сәйкес мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік сақтандыру) (зейнетақыдан басқа) жұмысқа орналасу мемлекетінің азаматтары сияқты шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

Шарттың XXVI бөлімінде пайдаланылатын бірқатар ұғымдарды қамтитын Шарттың 96-бабы 5-тармағының ережелерінен Одаққа мүше мемлекеттер еңбек көші-қоны саласында әлеуметтік қамсыздандыру деп тұлғаларды әлеуметтік сақтандыруды, атап айтқанда оның нақты түрлерін – еңбекке уақытша жарамсыздығы жағдайы мен ана болуына байланысты міндетті сақтандыруды, өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардан міндетті сақтандыруды және міндетті медициналық сақтандыруды түсінеді.

Осылайша, Соттың Үлкен алқасы өтініш берушінің бірінші сұрағын ескере отырып, Шарттың 98-бабының 3-тармағы Одаққа мүше мемлекеттер қол жеткізген жұмысқа орналасу мемлекетінде көзделген мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыруды (әлеуметтік сақтандыруды), оның ішінде міндетті медициналық сақтандыруды аумағында еңбек қызметі жүзеге асырылатын мемлекеттің азаматтары сияқты шарттарда және тәртіппен жүзеге асыруға уағдаластықты нығайтады деп мәлімдейді.

Осы ережені Шартқа енгізе отырып, мемлекеттер *pacta sunt servanda* халықаралық құқығының жалпыға бірдей танылған қағидатын ескере отырып, Шарттың қағидаттары мен мақсаттары контекстінде оны адал орындау жөнінде өзіне міндеттеме алды.

Бұл ретте міндетті медициналық сақтандыру (оның ішінде оны жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін, қаржыландыру көздерін, көрсетілетін медициналық көмектің түрлері мен көлемдерін айқындайтын) құқықтық қатынастары тек қана ұлттық заңнамамен белгіленеді және реттеледі. Мұндай заңнаманы қолдану мәселелерін түсіндіру Шартта Одақ Сотының құзыретіне жатқызылмаған.

Осыған байланысты Соттың Үлкен алқасы осы құқықтық қатынастарды мемлекетішілік реттеуді жүзеге асыру мүше мемлекеттің егеменді дискрециялық құқықтылығын білдіретінін атап көрсетеді.

16. ЕАЭО шеңберінде көші-қон процесіне тартылған тұлғалар үшін әлеуметтік құқықтар көлемі интеграцияның дамуына қарай біртіндеп ұлғаюда. Мәселен, егер Бірыңғай экономикалық кеңістік және 2010 жылғы 19 қарашадағы Еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы келісім шеңберінде әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік сақтандыру), оның ішінде міндетті медициналық сақтандыру еңбекші-мигранттардың өздеріне қатысты ғана көзделген, ал оны құқықтық реттеу қабылдаушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған (аталған Келісімнің 11-бабы) болса, онда 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта Одақ шеңберінде осы мәселелерді реттеу еңбек көші-ұоны контекстінде кеңейтілді және нақтыланды – тұлғалар тобы бойынша (еңбекшінің отбасы мүшелері қосылды), жүзеге асыру режимі бойынша

(жұмысқа орналасу мемлекетінің азаматтары сияқты шарттарда және тәртіппен тұлғалардың екі санаты үшін).

Осылайша, өңірлік экономикалық интеграция процесіндегі мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылының нәтижелері ЕАЭО-ның негізгі мақсаттарының бірі ретінде еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын дамытуға бағытталған Одақ шеңберінде көші-қон процестеріне тікелей тартылған адамдарды әлеуметтік қорғау деңгейінің кезең-кезеңімен артуы туралы куәландырады (Шарттың 4-бабы).

Бұл Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 12 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарының ережелерімен де расталады, оған сәйкес еңбек көші-қоны саласындағы интеграцияның перспективалы бағыттары Одақ шеңберінде еңбек ресурстарының еркін қозғалысын одан әрі қамтамасыз ету, еңбекшілер мен олардың отбасы мүшелерінің жұмысқа орналасу мемлекетінде болуына қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ осы адамдарға медициналық қызмет көрсету болып табылады.

Мемлекеттердің Шарттың мақсаттары мен қағидаттарына адалдығын 2023 жылғы 25 желтоқсанда Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері қабылдаған Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі экономикалық процестерді 2030 жылға дейін және 2045 жылға дейінгі кезеңге одан әрі дамыту туралы «Еуразиялық экономикалық жол» декларациясы растайды. ЕАЭО шеңберіндегі экономикалық интеграциялық процестерді 2030 жылға дейін одан әрі дамыту декларациясы міндеттерінің бірі, атап айтқанда, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне және олардың отбасы мүшелеріне жұмысқа орналасу мемлекетінде медициналық көмек көрсету арқылы интеграциялық әлеуеті бар салаларда экономикалық ынтымақтастықты дамыту айқындалған.

17. Шарттың 98-бабы әлеуметтік қамсыздандырумен бірге мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелерінің медициналық көмек алу құқығын да реттейді. Осы құқықты реттеу тәртібі Шарттың 98-бабының 4-тармағында белгіленген.

Соттың Үлкен алқасы Шарттың 98-бабы контекстінде міндетті медициналық сақтандыру мен медициналық көмек денсаулық сақтау саласындағы реттеудің әртүрлі және құқықтық қатынаста дербес элементтерін білдіретініне назар аударады. Осы баптың құрылымы да (тиісінше 3 және 4-тармақтар), сондай-ақ аталған құқықтық қатынастарды реттейтін нормалардың мазмұны да (Медициналық көмек туралы хаттаманы – Шартқа № 30 қосымшаны ескере отырып), оларда құқықтық реттеу мәнінің сәйкес келмеуі де осыны көрсетеді.

Міндетті медициналық сақтандыру әлеуметтік сақтандырудың түрі болып табылады және тиісті мемлекеттік бағдарламалар шегінде сақтандыру қаражаты есебінен сақтандырылған адамға медициналық көмек көрсету кепілдіктерін қаржылық-ұйымдастырушылық қамтамасыз ету тетігін ұсынады. Бұл ретте міндетті медициналық сақтандыру медициналық көмектің қандайда бір түрі болып табылмайды, оны қаржыландыру және ұсыну тәртібі мен шарттарын айқындайды.

18. Шарттың 98-бабының 4-тармағына сәйкес мүше мемлекеттер еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелерінің жедел медициналық көмек (шұғыл және кезек күттірмейтін нысандағы) пен өзге де медициналық көмек алу құқығы № 30 қосымшаға сәйкес тәртіппен, сондай-ақ жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасымен және ол қатысушы болып табылатын халықаралық шарттармен реттеледі.

Медициналық көмек алуды реттеу көздері туралы шарттың 98-бабы 4-тармағының ережелеріне Медициналық көмек туралы хаттаманың (Шартқа № 30 қосымша) 3-тармағының нормалары сәйкестендіріледі, оларға сәйкес жұмысқа орналасу мемлекеті мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелеріне жұмысқа орналасу мемлекеті заңнамасында және халықаралық шарттарда айқындалған тәртіппен және шарттарда медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

Бұл ретте, көрсетілген нормативтік ережелердің контексін, сондай-ақ Шарттың XXVI бөлімінің заң техникасын («осы Шарт» сипатты тұжырымдауын пайдалану – Шарттың 97-бабының 2 және 4-тармақтары, 98-бабының 1 және 10-тармақтары) ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы «халықаралық шарттар» термині 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттан бөлек, медициналық көмек мәселелерін қозғайтын мүше мемлекеттердің өзге халықаралық шарттарын (келісімдерін) білдіреді деген қорытындыға келеді. Оларға, атап айтқанда, қазіргі уақытта қолданыстағы 1997 жылғы 27 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы келісім, 2006 жылғы 24 қаңтардағы Беларусь Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының денсаулық сақтау мекемелерінде Беларусь Республикасының азаматтарына және Беларусь Республикасының денсаулық сақтау мекемелерінде Ресей Федерациясының азаматтарына медициналық көмек көрсету тәртібі туралы келісім жатқызылуы мүмкін.

Соттың Үлкен алқасы Шарт шеңберінде мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелерінің медициналық көмек алу құқығын реттеу тәртібі Медициналық көмек туралы хаттаманың ережелерімен айқындалады деп пайымдайды. Көрсетілген құқықты

Шарттың өзге ережелерімен (оның ішінде 98-баптың 3-тармағымен) реттеу көзделмеген.

Осылайша, Шарттың 98-бабы 4-тармағының және Медициналық көмек туралы хаттаманың 3-тармағының ережелерін жиынтықта оқу Соттың Үлкен алқасының Медициналық көмек туралы хаттамамен және жұмысқа орналасу мемлекетінің медициналық көмек көрсету туралы өзге де халықаралық шарттарымен тікелей реттелгеннен басқа, осы мемлекеттің ұлттық заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда қамтамасыз етілетіні туралы қорытынды жасауына мүмкіндік береді.

19. Медициналық көмек туралы хаттамамен мүше мемлекеттер өз аумақтарында мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелеріне шұғыл және кезек күттірмейтін нысандарда жедел медициналық көмек алу құқығын берудің бірыңғай режимін белгіледі.

Бұл ретте Хаттаманың 2-тармағы аталған нысандарда жедел медициналық жәрдем деп қатты аурулар, жазатайым оқиғалар, жарақаттар, уланулар және пациенттің өміріне қауіп төндіретін басқа да жағдайлар (шұғыл нысан) кезінде, сондай-ақ кенеттен болған қатты аурулар, жай-күйлер, осындай қауіп-қатердің айқын белгілерінсіз созылмалы аурулардың асқынуы (кезек күттірмейтін нысан) кезінде көрсетілетін медициналық қызметтер кешенін түсіндіреді.

Медициналық көмек туралы хаттаманың 4-тармағының ережелеріне сәйкес жедел медициналық көмек (шұғыл және кезек күттірмейтін нысандарда) мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне және олардың отбасы мүшелеріне жұмысқа орналасу мемлекетінің аумағында осы мемлекеттің азаматтарына көрсетілетін тәртіпте және жағдайларда тегін ұсынылады.

Медициналық ұйымның (денсаулық сақтау мекемесінің) мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне және олардың отбасы мүшелеріне жедел медициналық көмек (шұғыл және кезек күттірмейтін нысандарда) көрсету шығындарын өтеу жұмысқа орналасу мемлекетінің бюджеттік жүйесінің тиісті бюджеттері есебінен денсаулық сақтауды қаржыландырудың қолданыстағы жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте жұмысқа орналасу мемлекетінің мемлекеттік және муниципалдық денсаулық сақтау жүйесінің медициналық ұйымдары (денсаулық сақтау мекемелері) жедел медициналық көмек міндетті медициналық сақтандыру бағдарламасына кіретін не кірмейтініне, сондай-ақ пациентте медициналық сақтандыру полисінің бар-жоғына қарамастан, жедел медициналық көмекті (шұғыл және кезек күттірмейтін нысандарда) тегін көрсетеді.

20. Медициналық көмек туралы хаттама жұмысқа орналасу мемлекетінің медициналық ұйымында (денсаулық сақтау мекемесінде) емдеуді жалғастырған жағдайда құқықтық қатынастарды регламенттейді.

Хаттаманың 5-тармағының ережелеріне сәйкес пациенттің өміріне немесе айналасындағылардың денсаулығына төнген тікелей қауіп жойылғаннан кейін оны емдеу жұмысқа орналасу мемлекетінің медициналық ұйымында (денсаулық сақтау мекемесінде) жалғасқан жағдайда көрсетілген қызметтердің нақты құнын төлеуді тарифтер немесе келісілген бағалар бойынша пациент тікелей өзі жүзеге асырады немесе жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады.

Осы ереже Медициналық көмек туралы хаттаманың 3-тармағының ережелерімен және осы Консультативтік қорытындының 18-тармағының Одақ құқығымен және мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарымен тікелей реттелетіннен бөлек, өзге медициналық көмек көрсету жұмысқа орналасу мемлекетінің ұлттық заңнамасында айқындалатын тәртіпте және жағдайларда қамтамасыз етілетіні туралы қорытындысымен толық көлемде келісілетінін атап өту қажет.

Медициналық көмек туралы хаттама және Шарт «жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздердің» нақты тізбесін ашып көрсетпейтіні туралы мән-жай, Соттың Үлкен алқасының пікірінше, осы мақсаттар үшін кез келген заңды көзді (оның ішінде еңбек шартында (келісімшартта) көзделген жағдайларда қызметкерді жалдаушының қаражатын; несиелерді; туыстары мен жақындарының көмегін; сақтандыру төлемдерін) пайдалануға мүмкіндік береді. Міндетті медициналық сақтандырудың мәні мен мақсаттарын ескере отырып, сақтандырылған адамдарға міндетті медициналық сақтандыру қаражаты есебінен де медициналық көмек көрсетілуі мүмкін.

21. Жоғарыда айтылғандар негізінде Соттың Үлкен алқасы мынадай түсіндіруді ұсынады:

21.1. Шарттың 98-бабының 3-тармағы Одаққа мүше мемлекеттердің жұмысқа орналасу мемлекетінде көзделген мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыруды (әлеуметтік сақтандыруды), оның ішінде міндетті медициналық сақтандыруды осы жұмысқа орналасу мемлекетінің азаматтары сияқты жағдайларда және тәртіпте жүзеге асыруға уағдаластығын нығайтады. Міндетті медициналық сақтандыруды жүзеге асыру шарттары мен тәртібі, оның қаржыландыру көздерін қоса алғанда, көрсетілетін медициналық көмектің түрлері мен көлемдері аумағында еңбек қызметі жүзеге асырылатын Одаққа мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасымен айқындалады.

21.2. Мүше мемлекеттер еңбекшілерінің және олардың отбасы мүшелерінің Шарт шеңберінде медициналық көмек алу құқығын реттеу тәртібі Шарттың 98-бабы 4-тармағының және Медициналық көмек туралы

хаттаманың (Шартқа № 30 қосымша) міндетті медициналық сақтандыру мәселелерін регламенттемейтін ережелерімен айқындалады.

Медициналық көмек туралы хаттаманың мақсаттары үшін міндетті медициналық сақтандыру қаражаттары сақтандырылған адамдарға медициналық қызметтер көрсету шығындарын өтеу кезінде ескерілуі мүмкін.

#### **IV. Қорытынды ережелер**

22. Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

23. Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Дронов

Судьялар

Э.В. Айриян

Д.П. Александров

К.К. Джунушпаев

А.А. Забара

Е.Ж. Исмаилов

М.Т. Кайыпов

А.Б. Кишкембаев

Н.В. Павлова

А.Г. Тунян